

Аналитикалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№ 3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесі (ары қарай-Басқарма) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» комплаенс офицері қызметінің 01.01.2023ж. – 08.09.2023ж. аралығында атқарылған жұмысы:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

04.01.2023ж. №3 қалалық ауруханада бұйрық негізінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» комплаенс-қызметінің офицері – заң кеңесшісі Исманов Уткир Октамшиковичке жүктелген, сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» бекітілген болатын.

ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 8-бабының 5-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №12 бұйрығына сәйкес медициналық мекемелер ішкі талдау жүргізуге міндетті делінген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысының, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарушының немесе оның лауазымын алмастырушының шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі болып табылады.

ШЖҚ «№ 3 қалалық аурухана» МКК-нің 26.04.202 жылғы №77-н/қ бұйрығымен ішкі талдау жүргізу бойынша тағайындалған жұмыс тобының мүшелері:

-Е.К.Каратаев – бәс дәрігердің орынбасары ем-сапа жөніндегі орынбасары ;

- Комплаенс-офицер – У.О.Исманов;
- Профсаюз төрағасы – Б.Хақимжанов;

№3 қалалық аурухана өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексін, ҚР Еңбек кодексін, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын, ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №12 бұйрығына сәйкес басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) №3 қалалық аурухана қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) №3 қалалық ауруханада басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2023 жылғы 11.09.-12.10. аралығындағы кезеңіне №3 қалалық аурухананың басқарушылық қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыттар бойынша талдау жүргізді:

- 1) - "Қызметкерлерді басқару" бағыты бойынша:
- 2) - "Мүдделер қақтығысы» және «ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер» бағыты бойынша:
- 3) - "Мемлекеттік қызмет көрсету» бағыты бойынша:
- 4) - «Мемлекеттік сатып алу» бағыты бойынша:
- 5) - Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бағыты бойынша:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ақпарат көздері:

- 1) №3 қалалық ауруханаға қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;

- 2) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 3) Ауруханаға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 4) прокурорлық қадағалау актілері;
- 5) сот актілері;

Бірінші бағыт «Қызметкерлерді басқару» бағытындағы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрінетін бұзушылықтар тіркелмеген;

- 2) Мамандар сертификатының болмауы немесе қолданылу мерзімінің аяқталуы;

- 3) Мамандардың біліктілігін арттырудан өту мерзімдерінің аяқталуы. қызметкерлер арасында болған жоқ. Барлық қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Қызметкерлер белгіленген мерзімде кадрларды қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтеді. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық іс-әрекеттер жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері тіркелген жоқ, Қызметкерлердің жеке істерін іріктеп тексеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ.

Екінші бағыт «Мүдделер қақтығысының» және бөлімшенің «ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер» пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болу фактісі анықталмаған, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Осы тәуекелді талдау туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы адамдардан басшының атына хабарлама жоқ екенін көрсетеді.

№3 қалалық аурухана бойынша қызметкерлерге және науқастарға қажетті заттар толығымен қамтамасыз етілген және бейнебақылау камералары арқылы бақылануда.

Үшінші бағыт "Мемлекеттік қызмет көрсету» ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткені және жұмысқа және оқуға

жіберілгені туралы анықтаманы негізсіз беру;
Мерзімдерді орындау, мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелері, құжаттарды ресімдеу бойынша ескертулер жоқ. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдану бойынша өтініштер болған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде талап етілетін құжаттардың тәртібі, мерзімдері мен тізбесі сақталады.

Төртінші бағыт «Мемлекеттік сатып алу» ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Әлеуетті өнім берушілер шеңберін шектеу;
- 2) Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу және сатып алу үшін бөлінетін ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарын бұзу;
- 3) Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу шарттарын бұзу;
- 4) Бәсекелестік қағидаттарын бұзу болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу заңда көзделген тәсілдермен бекітілген жоспарға сәйкес веб-портал арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде көбінесе баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс, аукцион сияқты бәсекелестік тәсілдер пайдаланылады. "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына сәйкес жүзеге асыру тәсілін таңдау, ол мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетіледі. Мемлекеттік сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидатына сәйкес жүргізіледі. Ал дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу ҚР Үкіметінің 04.06.2022 жылғы № 375 қаулысымен көзделген қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады. Сатып алу бәсекелестік тәсілдермен: баға ұсыныстарын сұрату, тендер арқылы жүзеге асырылады.

Хабарландырулар «ҚР Мемлекеттік сатып алу» интернет-ресурсында орналастырылады. Мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы жүзеге асырылады. Сатып алу қорытындылары бойынша хаттамалар қалыптастырылады. Мемлекеттік сатып алу бойынша, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану мәніне, сотқа уақтылы жүгінуден көрінетін сот практикасы бар. Тиісінше, аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелін іске асыру анықталған жоқ.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу сыбайлас тәуекелдері жүргізіліп фактілер анықталмаған. Яғни дәрі-дәрмек жеткізушілер (Өнім берушілер) дәрілерді және медициналық бұйымдарды толық жеткізілуде.

Бесінші бағыт «Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері» саласындағы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Өтініштерге жауап беру мерзімдерін бұзу;
- 2) Негізделген жүгіну кезінде басқару шешімдерінің болмауы.

Қазіргі таңда кез-келген өтініш, шағымдарды мемлекеттік E-otinish порталы арқылы қабылданады және уақытында қаралып сұраққа, өтініштерге қатысты жауапты маманмен қаралады.

Мемлекеттік Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында талданып отырған кезеңде азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау процесін бұзу фактілері анықталған жоқ. Қызметтік тергеулер толық көлемде жасалынады, өтініштерге уақтылы жауаптар беріледі.

Аурухана қызметкерлері мен науқастар арасында анкетирование жүргізілген.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

05.01.2023ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» бекітілген болатын. Бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» бойынша келесі іс-шаралар жүргізілген болатын:

– Аурухананың 2 әкімшілік жұмыс істейтін жағында заң кеңесшісі кабинетінде комплаенс офицерінің қабылдау бөлмесі ашылған.

– Аурухананың есігінің алдынан «Комплаенс офицер» қызметкерінің аты-жөні тегі, лауазымы, қай уақыттан бастап қабылдайтынын, яғни сағаты маңдайшаға көрсетіліп ілінген.

Азаматтарды қабылдау кестесі, сенім телефоны туралы ақпарат әлеуметтік желіде, (facebook,instagram) стендте және ресми БАҚ-та орналастырылды.

- Фронт-офис бөлмесі арқылы, Комплаенс офицер келуші азаматтарға (науқастарға) және аурухананың қызметкерлеріне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы парақшалар (визитка, листовка, брошюра, буклеттер) тарқатылып плакаттар ілініп, ары қарай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндірме жұмыстары жиі жүргізіп тұрады.

Ал дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдардың сыбайлас тәуекелдеріне келетін болсақ, атап айтқанда дәріхана дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қадағалау мақсатында ІС программасы орнатылған. Коррупциялық риск байқалмайды

3 қалалық аурухана нормативтік-құқықтық акт (НҚА) уақтылы жаңартылады және орталықтың жергілікті желісінде өзектендіріледі, жаңа НҚА және оларға өзгерістер енгізу туралы мәліметтер қызметкерлердің назарына жеткізіледі. аурухананың әлеуметтік желілерінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы "Қазақстан Республикасының Заңы, ҚР 2021-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты орналастырылған. Сонымен қатар, Кәсіпорын құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз материалдарға реакцияның мониторингін жүзеге асыру, Орталық туралы ақпаратты сайтта уақтылы орналастыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттылықтың айдарларын жаңартылуда.

3 қалалық аурухананың қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Қауіпсіздік қызметін құру және аурухана бойынша бейнебақылау камералары орнатылған. Бейнебақылау – бұлтартпас айғақ.

Мемлекеттік сатып алу саласында заңды тұлғалармен уақтылы келісім шарт жасалып шарттарды уақтылы орындамаған әлеуетті өнім берушілерді іс материалдары сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы азаматтық тәртіппен талап арыздар уақтылы берілуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ

Бухгалтерия саласында жұмысшылардың айлықтары уақтылы төленіп МӘМС төлемдері өз уақытында төленуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

Ұсыныстар: Ішкі талдау нәтижелері бойынша кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық талдауын жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері қабылданатын ішкі актілерге оларды іске асыру кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізуді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау жөніндегі жұмысты жүргізуді ұсынды

Жұмыс тобының мүшелері:

Бәс дәрігердің емнің сапасын бақылау істері жөніндегі орынбасары:

_____ Е.К.Каратаев

Комплаенс-офицер _____

Кәсіпөдақ төрағасы _____

У.О.Исманов

Б.Хақимжанов